

**2021 – 2022 оқу жылына
арналған әлеуметтік
педагогтың
жұмыс жоспары**

2021-2022 оқу жылы

**2021 – 2022 оқу жылына арнаған әлеуметтік педагогтың
жұмыс жоспары**

**«Әрбір бала жылулық пен сыйластық ұялаған және оған қамқор бола
алатын отбасында өсуі керек»**

Г.Гмайнер

Әлеуметтік педагогтың мақсаты:

- Әр балаға қолайлы жағдай тудыру,
- Әр түрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балалармен жұмыс жасау,
- Әлеуметтік көмекті ұйымдастыру,
- Тек көмек күтуші емес мәселені шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу,
- Рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Әлеуметтік педагогтың негізгі міндеттері мен бағыттары:

- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу;
- Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;
 - Балалардың мектеп алды даярлығын қамтамасыз ету;
 - Денсаулығы бойынша тіркеуде тұратын оқушылармен жұмыс жүргізу. Үйден оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйде оқыту жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау;
 - Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен «Мектепке жол» акциясын басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;
 - 0-18 жас аралығындағы балалар тізімін жасау. (бекітілген мерзімде)
 - 9-11 сынып оқушыларымен мамандыққа баулу бойынша жұмыс.
- Мектеп жанындағы жазғы демалыс орталықтарына, жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Объекті	Жауапты
Ұйымдастыру жұмыстары				
1	Жылдық жоспарды бекіту «Мектепке жол» акциясы «Жолашар» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	Тамыз Қыркүйек	Шұғыл көмек ететін көп балалы, аз қамтылған, жетім, жартылай жетім отбасы балалары	Әлеуметтік педагог
2	Мектепке бекітілген микроучаскелер шегінде 0 ден 18 жас аралығындағы балаларды есепке алу.	Тамыз Қыркүйек	Мектеп оқушылары	Әлеуметтік педагог бекітілген мұғалімдер
3	Сыныптардың әлеуметтік картасын жасау, соған сәйкес мектептің әлеуметтік паспортын жасау.	Қыркүйек	1-11 сынып оқушылары	Әлеуметтік педагог Класс жетекшілер
4	Аз қамтылған, көп балалы, мүгедек, жетім, жартылай жетім, балаларды анықтап есебін алу	Қыркүйек	1-11 сынып оқушылары	Әлеуметтік педагог
5	Мектеп бойынша тәртіп бұзуға бейім оқушыларды анықтау	Жыл бойы	Мектеп оқушылары	Әлеуметтік педагог мектеп инспекторы
6	Оқушылар арасында сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп оқушылары	Әлеуметтік педагог
7	Осы оқу жылы бойынша әлеуметтік қорғаудағы мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту	Қыркүйек	Аз қамтылған, жетім, жартылай жетім отбасы балалары	Әлеуметтік педагог
8	Асхана жұмысын назарда ұстау.	Үнемі	Асхана	Әлеуметтік педагог мектеп медбикесі
9	Оқушылардың сабаққа	Үнемі	Мектеп	Әлеуметтік

	қатысын тексеру және сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалануын қадағалау		оқушылары	педагог ДТЖО сынып жетекшілер
10	Құқық бұзушылыққа қарсы жасөспірімдер арасында алдын ала нашакорлыққа, ішімдікке және темекіге қарсы «Құқық бұзушылыққа жол жоқ?» тақырыбында әңгімелер жүргізу	Қазан	Мектеп оқушылары 7-11 сынып оқушылары	Сынып жетекшілер мектеп психологы мектеп инспекторы мектеп медбикесімен бірлескен жұмыс
11	Ата-аналармен жұмыс	Жыл бойы	Әлеуметтік қорғаудағы отбасылармен жұмыс	Сынып жетекшілер Мектеп психологымен бірлескен жұмыс
12	«Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ!» тақырыбында мектеп оқушыларымен тренинг өткізу	Қараша	5-11 сынып оқушылары	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог
13	Жалпы оқумен қамту қорынан бөлінетін қаражаттан аз қамтылған оқушыларға көмек көрсету	Қазан	Әлеуметтік қорғаудағы балалар	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
14	«Ең жомарт сынып!» тақырыбында мектеп жәрмеңкесі	Қыркүйек	Мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог
15	«Жан жылуы» атты қайырымдылық мәдени шара	Қараша	Әлеуметтік қорғаудағы балалар, мектеп оқушылары	Әлеуметтік педагог Мәдениет үйі жетекшілері ДТЖО
16	«Нашакорлық –жанға қорлық» тақырыбында көрме	Желтоқсан	5-11 сынып оқушылары	Кітапханашы Бейнелеу өнері мұғалімі

				Әлеуметтік педагог
17	Оқушыларды облыстық, аудандық жаңа жылдық әкім шыршасына қатыстыру	Желтоқсан	Көп балалы, аз қамтылған, жетім, жартылай жетім балалары	Әлеуметтік педагог
18	«Мейірбандылық жүректен, қайырымдылық-білектен»	Ақпан	Әлеуметтік қорғаудағы балалар	Әлеуметтік педагог Мектеп психологы Өзін-өзі тану пәні мұғалімімен бірлескен жұмыс
19	Ата-аналар жиналысы	Тоқсан сайын	Ата-аналар	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Мектеп психологы ДТЖО
20	Аз қамтылған отбасы балалары және жартылай жетім отбасы балаларын үйірмелерге, спорт секцияларына, факультативтерге қатыстыру	Жыл бойы	Әлеуметтік қорғаудағы отбасы балаларымен жұмыс	Сынып жетекшілер әлеуметтік педагог
21	Жетім, толық емес отбасы, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында «Жылы жүрек-жомарт қол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	Тамыз, Қаңтар, Наурыз	Көмекті қажет ететін балалар	Сынып жетекшілер әлеуметтік педагог Мектеп ұжымы
22	«Сенің отбасың қандай?» Рейд (оқушылардың үйлеріне бару)	Үнемі	Мектеп оқушылары	Сынып жетекшілер әлеуметтік педагог мектеп инспекторы

	«Шылымның зардаптары», «Жаман қылықтар» Салауатты өмір салтын сақтау	Сәуір	Мектеп оқушылары	Сынып жетекшілер әлеуметтік педагог
24	«Табиғатты аялайық» сенбілік	Сәуір	Мектеп оқушылары, жағдайы төмен отбасылар	Сынып жетекшілер әлеуметтік педагог
25	Жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау. Сауалнама	Сәуір	Мектеп оқушылары	Әлеуметтік педагог
26	Әлеуметтік қорғаудағы балалардың бос уақыты мен жазғы демалысын ұйымдастыру	Мамыр	Әлеуметтік қорғаудағы отбасыларының балалары	Сынып жетекшілер әлеуметтік педагог
27	Мектепшілік лагердің ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімін жасау және ұйымдастыру.	Мамыр	Мектеп оқушылары	Әлеуметтік педагог
28	Аудан, облыс, республика шеңберінде өткізілетін демалыс ауысымдарына арнаулы әлеуметтік санаттағы балаларды жіберу	кезінде	Әлеуметтік қорғаудағы отбасы балалары	Әлеуметтік педагог
29	Үйден оқытылатын оқушылармен байланыста болу	үнемі	Үйлен оқитын оқушы	Пән мұғалімдері
30	Ас мәзірінің сапалығын қадағалау, асхананы эстетикалық талғамға сай безендіру	қыркүйек	асхана	Әлеуметтік педагог
31	Әлеуметтік педагогтың 2020-2021 оқу жылының жұмысын талдау және қорытынды есебін жасау.	Мамыр Маусым	Мектеп оқушылары	Әлеуметтік педагог